

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

ӘЛ-ФАРАБИ атындағы ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ  
КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ имени АЛЬ-ФАРАБИ

ТАРИХ, АРХЕОЛОГИЯ ЖӘНЕ ЭТНОЛОГИЯ ФАКУЛЬТЕТІ  
ФАКУЛЬТЕТ ИСТОРИИ, АРХЕОЛОГИИ И ЭТНОЛОГИИ

---

«ҚАЗАҚСТАН АРХЕОЛОГИЯСЫ МЕН ЭТНОЛОГИЯ ҒЫЛЫМЫНЫҢ ӨЗЕКТИ  
МӘСЕЛЕЛЕРІ МЕН ДАМУ БОЛАШАҒЫ» атты  
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың 80 жылдығы аясында ҚР ҰҒА құрметті академигі  
Уәхит Хамзаұлы Шәлекеновтың 90 жылдық мерейтойына арналған  
халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция  
МАТЕРИАЛДАРЫ  
16 мамыр 2014 ж.

МАТЕРИАЛЫ  
международной научно-практической конференции  
«АКТУАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ И ПЕРСПЕКТИВЫ РАЗВИТИЯ АРХЕОЛОГИЧЕСКОЙ И  
ЭТНОЛОГИЧЕСКОЙ НАУКИ В КАЗАХСТАНЕ»,  
приуроченной к 80-летию КазНУ им. аль-Фараби  
и 90-летию почетного академика НАН РК У.Х.Шәлекенова  
16 мая 2014 г.

MATERIALS  
of the International Scientific and Theoretical Conference  
«ACTUAL PROBLEMS AND PROSPECTS OF DEVELOPMENT OF ARCEOLOGICAL  
AND ETNOLOGICAL SCIENCES OF KAZAKHSTAN»  
dedicated to the 80'th anniversary of al-Farabi Kazakh National University  
and 90'th anniversary of Honor Academic of National Academy of Science of Republic of  
Kazakhstan Uakhit Khamzinovich Shalekenov  
May 16, 2014

Алматы  
«Қазақ университеті»  
2014

*Баспаға әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті  
Тарих, археология және этнология факультетінің  
Ғылыми кеңесі ұсынған*

**Редакция алқасының төрағасы**

**Ғ.М. Мұтанов**– техника ғылымдарының докторы, академик,  
әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ректоры

**Редакциялық алқа:**

**М.М. Бүркімбаев**– әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің  
бірінші проректоры, х.ғ.д., профессор, ҚР ҰҒА корр.-мүшесі;

**Т.С. Рамазанов**– әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ғылыми  
инновациялық жұмысы жөніндегі проректоры, ф.-м.ғ.д., профессор, ҚРҰҒА корр.-мүшесі;

**Ж.Қ. Таймағамбетов**– тарих, археология және этнология факультетінің деканы, т.ғ.д.,  
профессор, ҚР ҰҒА корр.-мүшесі;

**Ә.Т. Төлеубаев**– археология, этнология және музеология кафедрасының профессоры,  
т.ғ.д.

**М.Е. Елеуов** - археология, этнология және музеология кафедрасының профессоры, т.ғ.д.

**А.Б. Калыш** - археология, этнология және музеология кафедрасының меңгерушісі т.ғ.д.,  
профессор

**Жауапты редакторы**

**Б.К. Қалшабаева**– археология, этнология және музеология кафедрасының профессоры,  
т.ғ.д.

**Құрастырушылар:**

*М.Эгамбердиев, А.К. Бейсеғұлова, В.А.Шамеева*

**«Қазақстан археологиясы мен этнология ғылымының өзекті мәселелері мен даму болашағы»** атты әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың 80 жылдығы аясында ҚР ҰҒА академигі У.Х. Шәлекеновтың 90 жылдығына арналған халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. 16 мамыр 2014 ж. / құраст.: *М.Эгамбердиев, А.К. Бейсеғұлова, В.А.Шамеева*; жауапты ред. Б.К. Қалшабаева. – Алматы: Қазақ университеті, 2014. – 389 б. ISBN

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың 80 жылдығы аясында археология, этнология және музеология кафедрасының профессоры, тарих ғылымдарының докторы, ҚР ҰҒА Құрметті академигі Уахит Хамзаұлы Шәлекеновтың 90 жылдығына арналған жинаққа Қазақстан археологиясы мен этнология ғылымының өзекті мәселелері мен даму болашағына қатысты баяндамалар мен зерттеулер енген. Жинақ материалдары археологтарға, этнологтарға, тарихшыларға және қалың бұқараға арналған.

Материалы международной научно-теоретической конференции «Актуальные проблемы и перспективы развития археологической и этнологической науки в Казахстане», приуроченной к 80-летию КазНУ им. аль-Фараби и 90-летию почетного академика НАН РК У.Х. Шәлекенова, доктора исторических наук, профессора кафедры археологии, этнологии и музеологии, включают доклады и сообщения, затрагивающие актуальные проблемы и перспективы развития казахстанской археологии и этнологии. Материалы сборника предназначены археологам, этнологам, историкам и широкой общественности.

ISBN

© Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, 2014

<b>Рахматиллаев Х.</b>	
Этническая структурасельского населения ферганской долины конца XIX-XX вв.(Узбекистан).....	262
<b>Йулдошев С.В.</b>	
Роль народных игр и обрядов в гармонизации межэтнических отношений (по материалам ферганской долины)(Узбекистан).....	266
<b>Балтабаева К.Н.</b>	
Тюркоязычные народы Китая (по данным переписи 2010 ода).....	269
<b>Жармакина Ф.М.</b>	
Символика цвета в казахской традиционной культуре.....	277
<b>Бекешов С.С</b>	
Дәстүрлі ағаш бұйымдардағы ою – өрнектің бедерленуі.....	281
<b>Иманбаева С.С.</b>	
М.Дулатовтың еңбектеріндегі ұлтымыздың мәдени - тұрмыстық мәліметтерінің құндылығы.....	285
<b>Сабденова Г.Е.</b>	
Қазақ халқының қалыптасуын зерттеудегі кейбір мәселелер.....	289
<b>Қозғамбаева Г.Б.</b>	
Моңғолия қазақтарының мал шаруашылығымен қосалқы кәсіптері.....	294
<b>Сармурзина Н.</b>	
Ресейдегі ұлттық мектептердің ашылу тарихынан.....	299
<b>Альжанова Э.Е.</b>	
Торговля изделиями кустарно-ремесленного производства второй половине XIX - начале XX вв.....	302
<b>Тулентаев М.С.</b>	
Этническая и культурная идентификация личности в условиях глобализации.....	307
<b>Солтиева Б.Ш.</b> Жетісу әулиелерінің бірі– Райымбек батыр.....	313
<b>Джобулаев Қ.</b>	
Ер – тұрман қазақ қолөнерінің бір саласы (ерші М. Данышпановтың іс-тәжірибесі бойынша).....	316
<b>Сыдықов М.Қ.</b> Мұрын және «Мұрын шежірелері».....	327
<b>Айдосынова Г.Ж., Кожантаева Г.Г.</b>	
Атырау өңірі қазақтарының үйленуге байланысты салт-дәстүрлеріндегі ерекшеліктер...332	
<b>Бейсеғұлова А.Қ., Шәмеева В.Ә.</b>	
Оңтүстік Қазақстан облысына репатрианттардың орналасуының кейбір мәселелері.....	336
<b>Рахимов Е.К.</b> Особенности материальной культуры и специфика хозяйственной деятельности казахов Омского уезда Акмолинской области во 2-ой половине XIX – начале XX вв.....	339
<b>Султанярова А.Ж.</b>	
Оңтүстік Қазақстанның демографиялық дамуы.....	346
<b>Раймбекова М.Т</b>	
Қырғыздардың баланың дүниеге келуі, өсіруіне байланысты әдет-ғұрыптары.....	350
<b>Түйешиева Т.С.</b>	
Маңғыстау-Үстірт өңірі құлпытас ескерткіштерінің зерттелу мәселелері.....	354

**Бейсегұлова А.Қ. ,**  
*Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ.*  
*Тарих, археология және этнология*  
*факультетінің 2 курс магистранты*

**Шәмеева В.Ә.**  
*Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ.*  
*Тарих, археология және этнология*  
*факультетінің 1-курс магистранты*

## **ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫНА РЕПАТРИАНТТАРДЫҢ ОРНАЛАСУЫНЫҢ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІ**

Қазақ диаспорасы дүниежүзінің 40-тан астам елінде, басым көпшілігі Қазақстанмен шекаралас Өзбекстан, Қырғызстан, Түрікменстан, Қытай, Моңғолия және Ресей елдеріне шоғырланған. Олардың ата-мекенінен ауа көшуі не тарихи Отаннан бөлініп қалуы сол кезеңдегі саясат пен тарихи жағдайларға байланысты еді. Қазіргі таңда Өзбекстан қазақтары ТМД елдеріндегі ең ірі диаспораны құрайды. Олардың саны ресми деректерде 930 мың делінсе [1, 7б.] биресми деректерде 1,5 млн адам делінеді.

Еліміз тәуелсіздігін алғаннан кейінгі стратегиялық саясатының бірі сырттағы этникалық қазақтарды тарихи Отанына қайтару бағыты еді. Қазақстан президенті Н.Ә. Назарбаев «Алыста жүрген ағайындарға ақ тілек» деген айдармен, ата-мекенге келемін деуші ағайындарға жол ашық екенін айтып, ортақ Отанымыз Қазақстанға шақырды [2, 8 б.].

Алыстағы ағайындарға демеу болып, шеттегі қандастарымыздың елге деген ниет-тілегі арта түсті.

Сырттағы қазақтардың үлкен бір бөлегін Орталық Азиядағы қазақтар құрайды. Ондағы қазақтардың тарихи тағдыры, этнографиялық ерекшелігі, тарихи Отанға оралуы, бейімделуі жөнінде Б.К. Қалшабаева өзінің еңбегінде жан-жақты көрсетеді [3, 25 б.].

Тарихи Отанға оралған репатрианттардың үлкен бөлігін Орталық Азиядан келген қазақтар құрайды. Олардың елге оралуындағы негізгі себептері саяси - әкімшілік саясат салдарынан туындаған әлеуметтік-экономикалық қиындықтар оның ішінде қазақ мектептерінің қысқаруы, латын алфавитінің енуі, қазақ жастары мен әйел адамдар арасындағы жаппай жұмыссыздықтың көбеюі, экологиялық қолайсыздықтар оның ішінде Арал теңізінің экологиялық апатының әсері салдарынан деп түсіндіреді. Сонымен қатар еліміздің Отандастарымызға беріп отырған материалдық және моральдық көмегі де себеп болды деуге болады.

Орталық Азиядан келген оралмандардың негізгі бөлігі Оңтүстік Қазақстан облысына орналасқан. Оңтүстік Қазақстан облысы алыс және жақын шетелден тарихи отанына оралған отандастарымыз үшін ең жайлы да тартымды аймақ болып отыр. Бұл шамамен Қазақстанда тұрып жатқан барлық оралмандардың 23%-н құрайды. Тәуелсіздік жылдары 1991-2007 жылдары Қазақстанға Өзбекстаннан қоныс аударған қазақтардың саны, ҚР Еңбек және тұрғындарды әлеуметтік қорғау министрлігінің миграциясы бойынша Комитетінің мәліметтеріне қарағанда, 399453 адамды құрайды (102748 отбасы). Оның ішінде Қарақалпақстан мен Науаи облыстарынан қоныс аударушы қазақтар көптеп саналады, олар ең алдымен экологиялық қолайсыз аудандардың (алдымен Арал өңірі) тұрғындары. Осыған байланысты елімізде көші-қон департаменті, Дүние жүзі қазақтарының қауымдастығы, Нұрлы көш, т.с.с мемлекеттік және қоғамдық орындар жұмыс істеуде.

1993 жылы 15 сәуірде Қазақстан Республикасының Президенті «Иран Ислам Республикасынан және басқа мемлекеттерден отандастарымызды көшіріп алуды ұйымдастыру шаралары және иммиграция квотасы туралы» қаулыға қол қоюмен байланысты 1993-1996 жж. Оңтүстік Қазақстанға Ираннан – 320, Тәжікстаннан - 420,

Өзбекстаннан – 1300, Ауғанстаннан - 90, Түркіменстаннан – 210, Түрік республикасынан – 70 адам қандастарымыз келеді. Ал, 1997-1999 жылғы шетелдерден көшіп келу квотасы бойынша Ираннан Ислам республикасынан – 25, Қытай Халық республикасынан – 15, Ресей федерациясынан – 20, Тәжік Республикасынан – 30, Түркіменстаннан – 60, Түркия Республикасынан – 30, Өзбекстан республикасынан - 170 адам келсе, 2000-2007 жылдары – Пәкістан Ислам Республикасынан – 71, Ауғанстаннан - 171, Өзбекстаннан – 1889, Түркия Республикасынан – 45, Тәжікстаннан - 5, Түркіменстаннан – 320, Түркіменстаннан – 100, Өзбекстан республикасынан - 6884, ТМД-ның басқа елдерінен – 70 отбасы келді [4].

Берілген мәліметтерден көріп отырғанымыздай Өзбекстан республикасынан келген оралмандардың саны көп. Қазақтардың Өзбекстанға қоныс аударуының тарихын төрт кезеңге бөлуге болады. Бірінші кезең –XVIII ғ. қазақ даласына жоңғар шапқыншылығы кезінде, негізінен Орта жүз бен Ұлы жүз және Кіші жүз руларының бір бөлегінің ортаазиялық хандықтардың аймағына жаппай қоныс аударуымен сипатталады. Екінші кезең – XIX ғ. екінші жартысында Ресей империясының қазақ жеріне ентелей кіріп, ортаазиялық хандықтарды жаулап алу саясатының нәтижесінде шекаралас жатқан қазақ рулары мен бұрынғы ортаазия хандығының аумағында қазақтардың жергілікті билеушілер мен орыс шенеуніктерінің қысымшылығына шыдамай өлкенің ішкі аудандарына қоныс аударып, сонда тұрғылықты халық болып қалуымен сипатталады. Үшінші кезең – Түркістан өлкесінде Кеңес үкіметі орнағаннан кейін 1918 – 1919, 1930 жылдардағы халықты күштеп ұжымдастыру, ашаршылықтың салдарынан қазақтардың осы елге қоныс ауаруымен сипатталады. Төртінші кезең – 1950–1960 жж. Қазақстанның оңтүстік өлкесіндегі жерлердің халқымен қоса Өзбекстанға берілумен, 1960 – 1980 жж. осы елдің халық шаруашылығын өркендету үшін қазақ мамандарының жіберілуі, республиканың жоғарғы оқу орындарында Қазақстаннан келген жастардың көптеп оқуы т.б. факторлардың әсерімен сипатталады [5, 9б.]. Өзбекстаннан көшіп келушілердің көбеюінің басты себебін көші-қон және демография агенттігі Қазақстан мен Өзбекстанның арасындағы шекараның түпкілікті айқындалып, даулы елді-мекендер мәселесі шешіліп, екі жақтың мемлекет аралық келісімге қол қоюымен байланыстырады. Себебі, Өзбекстанның шекаралас кейбір аумақтары Қазақстанның жалға берілген жер аймағы (Бостандық ауданы, Шыназ, т.б. елді-мекендер) саналатын. Екі ел арасындағы шекара нақтыланып, белгіленген соң Қазақстанға ену үмітінен арылып, ата қонысқа көш аудару бастады.

Өзбекстаннан оралған отандастарымыздың топтастырылып қоныстандырылуы арқасында облыс аумағында «Достық», «Атамекен», «Береке», «Сауле» деген ауылдар өсіп шықты. Тәжікстаннан келген алғашқы оралмандардың көбісі Махтаарал, Шардара, Сарыағаш аудандары мен Шымкент қаласында орналасқан. Ауғанстан, Пәкістаннан келгендер негізінен Сарыағаш қаласында, ал «Дастан» аулында Ираннан келген оралмандар орналасқан. Бүгінде олардың мектебі, дәрігерлік пункттері бар. Олардың көпшілігі үй-жайын салып, егіншілікпен, кәсіпкерлікпен айналысып, күндерін көруде. Ал, жастары да жергілікті жастармен қоян-қолтық араласқан.

Оңтүстік Қазақстан облысы қазақтың қаймағы бұзылмай, дәстүрлі мәдениетін сақтап ұрпақтан–ұрпаққа жалғастырып отырған аймағына жатады. Сондықтан осы оңтүстік аймаққа көшіп келуінің себептерінің бірі қазақ тілін, мәдениетін, тарихи отанының әдет-ғұрпын сақтап қалу, балаларының келешегін қамтамасыз ету. Дегенменде осы Оңтүстік Қазақстанға қоныстанған оралмандардың басым бөлігі қазақ мәдениетінің әр түрлі аспектілерін, әдет-ғұрпын сақтап қалған.

ОртаАзия республикаларынан келген қазақтардың рулық құрамын айтар болсақ Өзбекстанның солтүстік шығысын Ұлы жүздің Қаңлы, Шанышқылы, Жалайыр, Ошақты, Дархан, т.б. рулары мен Орта жүздің азырақ Арғын, Найман, Қыпшақ, Қоңырат рулары мекендесе, Бұхара, Науай облыстарында кіші жүз бен орта жүз өкілдері, Түркіменстаннан

келгендері Байұлы руының Адай атасынан тарағандар. Ауған қазақтары Кете, Шөмекей, Адай, Есентемір, Торбай, Әлім, Табын, Жалайыр, Қожаларды құрайды.

Облыста оралмандардың әлеуметтік мәселелерін шешу бағытында бірқатар іс – шаралар жүзеге асырылуда. Облыс әкімдігі жанынан «Оралмандар істері жөніндегі кеңес» жұмыс істейді. Оның негізгі мақсаты – оралмандарды тұрғын үй салу үшін жер телімдерімен, оқумен, жұмыспен, әлеуметтік және медициналық көмек көрсету түрлерімен қамтамасыз ету. Көшіп келушілерді облыс аумағына біркелкі жайғастыру мақсатында қосымша жеңілдіктер пакеті іске асырылып келеді. Жеңілдіктер бойынша 2866 отбасына тұрғын үй салу үшін, 242 отбасына шаруа қожалықтарын жүргізу үшін жер телімдері берілген. Оған қосымша 64 отбасы әлеуметтік тұрғын үймен қамтамасыз етілді. Кәсіби оқыту және қайта даярлау курстарынан 877 адам өткізілді. Бос жұмыс орындарына 642 адам орналастырылып, тағы 744-і ақылы қоғамдық жұмысқа тартылды. Аталған кеңес шешімімен облыста 2009 жылдан бері «Оралмандарды есепке алу схемасы» деп аталатын жоба жүзеге асырылуда. Жобаның мақсаты – жаңадан қоныс аударып жатқан оралман отбасыларының тіркелуін қадағалау, олардың әлеуметтік жағдайын, жастық, жыныстық құрамын, мамандағын анықтап отыру. Одан бөлек, Шымкент қаласында және Ақсукеңт ауылында «Оралмандарды бейімдеу және кіріктіру орталықтары» жұмыс атқарып келді [6, 60 б. ].

Қазақстан әлемде жер көлімінен 9-шы орында болса, ал халқы саны бойынша 79 орында тұр. 1997 жылы мемлекеттік бағдарлама «Қазақстан 2030» атты стратегиялық даму бағдарламасы жасалып, Президентіміз 2015 жылы халық саны 20 миллионға 2030 жылы 25 миллионға жеткізуге мемлекет мақсат қойды. Мемлекеттің байлығы – халқы, демографиялық дамуы – қазақ ұлтының, этностың өсіп дамуының негізі болып табылады.

«Елге ел қосылса – құт» демекші, қандастарымыздың отанымызға келуі тәуелсіздіктің жемісі. Тарихи отанына оралған қандастарымыз әр түрлі мәдени ортада өмір сүрсе де, қазақ халқының ортақ дәстүрлі мәдениеті мен құндылықтарын жақсы сақтап қалған. Қазақ ұлтының өкілдері болғанымен, қазақстандық ортада мәдени сәйкессіздіктер байқалады. Соған қарамастан діні бір, тілегі бір қандастарымызға үрке қарамай, олардың елге сіңісіп, қоян қолтық жақын араласып кетуіне жағдайлар жасалынып, бауырмалдық танытып, ұлттық құндылықтарымыздың біртұтастығын сақтауымыз қажет.

---

I. Мендикулова Г.М. Казахская диаспора: История и современность – Алматы: Реиз, 2006-343 б.

II. Назарбаев Н.Ә. Құшағымыз бауырларға айқара ашық. // Дүниежүзі қазақтарының құрылтайы. - Алматы, 1993. 346б.

III. Қалшабаева Б.К. Орталық Азиядағы қазақтар (тарихи-этнографиялық зерттеу). Алматы: Қазақ университеті, 2011.-406 б.

IV. Қазақ көші-қазақтың қауымдасуы. // Дүниежүзі қазақтарының қауымдастығы Алматы: Атажұрт баспа орталығы, 2012 – 352б.

V. Қобландин Қ.И., Меңдіқұлова Г.М. // Өзбекстандағы қазақтардың тарихы және бүгінгі дамуы. - Алматы: ДҚК, 2009. – 296б.

VI. Әлібек С.Н. Оңтүстікке оралған отандастар // Қазақ диаспорасының жасампаз әлеуеті: тарихы және заманауи келбеті. Республикалық ғылыми – практикалық конференция материалдары. - Алматы: Дүниежүзі қазақтарының қауымдастығы «Атажұрт», 2013-480 б.